



САНАЛЫ АТА-АНА ҚҰРАЛЫ

СЫБЫРСӨЗ:

Егер жасөспірім буллингке қатысса, буллингтен зардап шегіп жүрсе немесе оның куәгері болса, ОНЫМЕН ҚАЛАЙ ДҰРЫС СӨЙЛЕСУ КЕРЕК?



Сіз қолыңыздан келгеннің бәрін жасап жүрсіз.

Сіз күнделікті тіршілік, уайымдар мен мектеп жаңалықтарының ортасында әрекет етуге тырысудасыз.

Сіз көп нәрсені білесіз. Өмір үйретті.

Және Сіз балаңызбен бірдеңе дұрыс емес екенін бірден сезесіз:

Ол алыстайды, дөрекі сөйлейді, өтірік айтады немесе басқаларға зиян келтіреді.

Бірақ ең қиын сәттерде — "сол дұрыс сөздерді" табу әрдайым мүмкін бола бермейді.

Көп жағдайда ойға бірінші келген сөзді айтамыз.

Кейде бұл көмектеседі.

Ал кейде — алыстатады.

АЛ ЕГЕР БАСҚАША ЖАСАП КӨРСЕК ШЕ?

Бұл карточкалар — өмірдің шынайы сәттері туралы. Ақыл айту емес, жанға жақын болу үшін.

Әр карточкада:

- ✓ жағдай қалай көрінуі мүмкін,
- ✓ оның артында не тұруы мүмкін,
- ✓ қолдау білдіретін сөздер айту,
- ✓ және байланысты үзбеу үшін не айтпаған дұрыс.

Бұл — "дұрыс сөздер тізімі" емес.

**БҰЛ — ӘҢГІМЕНІҢ РЕТІН ӨЗГЕРТУІ МҮМКІН
ЖӘНЕ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫ САҚТАП ҚАЛУҒА
КӨМЕКТЕСЕТІН ҚҰРАЛ.**



ҚОРҒАНЫСТЫҚ АГРЕССИЯ

Жағдай:

Қорлану мен қорқыныштан қашу үшін жасөспірім агрессия танытады.

Себебі:

Өзіне қарсы агрессия болатындығын анықтау үшін алдын ала шабуыл жасауды таңдайды.

НЕ АЙТПАУ КЕРЕК:

✗ Ұялмайсың ба!



НЕ АЙТУ КЕРЕК:

- Мен сенің қорқынышыңды **түсініп тұрмын**. Күшіңді қауіпсіз түрде көрсетуге жол іздеп көрейік.
- Өзіңді қорғау сен үшін маңызды екенін **көріп тұрмын** — бұл дұрыс. Бірақ қорғану басқа біреуге ауыртпалық түсірмеуі керек. Қалай ойлайсың, не істеуге болады?

БҰЛ НЕНІ ӨЗГЕРТЕДІ:

Сіздің беделіңіз артады — балаңыз сіздің сөзіңізден айыптауды емес, қорғанышты сезінеді.

**БАЛАНЫҢ АГРЕССИЯСЫ — КӨМЕККЕ
МҰҚТАЖДЫҒЫНЫҢ БЕЛГІСІ.**

ӘЛЕУМЕТТІК БАҚЫЛАУ

Жағдай:

Басқа біреуді әңгімеден шеттетіп, дос болмайтын себептер ойлап табады — және басқа жасөспірімдер соған бағынады.

Себебі:

Жасөспірім басқаларға әсер ету арқылы өз маңыздылығын сезінгісі келеді.

НЕ АЙТПАУ КЕРЕК:

✗ Сен қатыгездің! Саған не болған өзі!



НЕ АЙТУҒА БОЛАДЫ:

- Нағыз көшбасшы қорламайды — **шабыттандырады.**
- Көшбасшылықты басқа жолмен көрсетуге бола ма, **соны бірге ойлап көрейік.**

**БУЛЛИНГ — БҰЛ КҮШ ТУРАЛЫ ЕМЕС, КЕРІСІНШЕ,
ҚАЖЕТ ЕМЕС БОЛЫП ҚАЛАМЫН БА ДЕГЕН
ҚОРҚЫНЫШ ТУРАЛЫ.**

КҮШ ЖАРЛЫҒЫ

Жағдай:

Агрессия - күштің көрінісі екеніне жасөспірім сенімді.

Себебі:

Өзіне сенімді болудың басқа жолдарын білмейді.

НЕ АЙТПАУ КЕРЕК:

✗ Сен мұндай мінезбен алысқа бармайсың!



НЕ АЙТУ КЕРЕК:

- **Нағыз күш** - бұл біреуге зиян келтіру емес, керісінше қорғау және көмектесу.
- Сен басқаны қорлаудың орнына **қолдау көрсету арқылы** өзіңнің күшті екеніңді көрсете аласың.

БҰЛ НЕНІ ӨЗГЕРТЕДІ:

Жасөспірім сізден күшті дұрыс қолдануды үйрететін адамды көре бастайды.

МЕЙІРІМСІЗ КҮШ ӘЛСІЗДІККЕ АЙНАЛАДЫ.

ҚАТЫГЕЗДІКТІ ҚАЛЫПТЫ НӘРСЕ РЕТІНДЕ ҚАБЫЛДАУ

Жағдай:

Ол балағаттайды, қорлайды, мазақтайды — бірақ оны әзіл деп атайды.

Бәрі де солай істейді — бұл оны қалыпты нәрсе етіп көрсететін басты аргументі сияқты.

Себебі:

Ол басқалардан көргенін қайталайды — және құрметке ие болу үшін солай істеу керек деп ойлайды.

НЕ АЙТПАУ КЕРЕК:

✗ Сен басқаларды ойламайсың!



НЕ АЙТУ КЕРЕК:

- Өзіңді қорланған **адамның орнында елестетіп көрші**. Сен өзіңді жайлы сезінесің бе?
- **Дәл соны ренжітетін сөздерсіз** айтып көрші.

БҰЛ НЕНІ ӨЗГЕРТЕДІ:

Сіз жасөспірімге сын айтпайтын, түсіндіретін дана ата-ана ретінде қабылданасыз.

**ҚАТЫГЕЗДІК СЕНІМДІ ҚҰРМАЙДЫ,
ОНЫ БҰЗАДЫ.**

ҮЙ АРЕНА РЕТІНДЕ

Жағдай:

Жасөспірім мектепте өзін ұстайды, бірақ үйде агрессияны шашады.

Себебі:

Үй - ол өзін қауіпсіз сезінетін жалғыз жер.

НЕ АЙТПАУ КЕРЕК:

✗ Сен үйді тозаққа айналдырып жатырсың!



НЕ АЙТУ КЕРЕК:

- Сен шаршадың, мен **түсінемін**. Бірге демалып, күйзелісті жеңілдетудің жолын табайық.
- Үй - **сені қабылдайтын жер**, бірақ мұнда да шекаралар қажет.

БҮЛ НЕНІ ӨЗГЕРТЕДІ:

Сіздің беделіңіз жазалау қорқынышына емес, құрмет пен қолдауға негізделетін болады.

**ҮЙ - БҮЛ СОҒЫС ТУРАЛЫ ЕМЕС,
ҚАУІПСІЗДІК ТУРАЛЫ.**

ТЫНЫМДЫ ТӨЗІМДІЛІК

Жағдай:

Сіз пайда болған мәселе туралы кездейсоқ, басқа балалардан немесе мұғалімдерден естисіз.

Себебі:

Ол құрбан болғанына ұялады.

НЕ АЙТПАУ КЕРЕК:

✗ Неге бірден айтпадың?



НЕ АЙТУ КЕРЕК:

- Сен жалғыз емессің. **Мен сенің жаныңдамын**, тіпті қазір сөйлесуге дайын болмасаң да.
- **Сен жалғыз өз бетіңмен күресуге міндетті емессің.** Дайын болғанда маған хабар бер.

БҰЛ НЕНІ ӨЗГЕРТЕДІ:

Сіз бала үшін бірінші көмек сұрайтын адам боласыз

ҮНСІЗДІК - ТЫНЫШТЫҚ ЕМЕС, ДАБЫЛ БЕЛГІСІ.

«ҚОЛҒАП КИГЕН» АРАҢДАТУШЫ

Жағдай:

Жасөспірім өзі ренжітпейді, бірақ басқаларды біреуге қарсы қояды. Басқа балаларды мазақтайды, шеттетеді, "оны шақырма" дейді. Сонымен бірге, ол - тыныш, сүйкімді және ешнәрсеге қатысы жоқ сияқты болып көрінеді.

Себебі:

Жауапкершіліксіз басқарғысы келеді. Өз мәртебесін жоғалтудан қорқады, бірақ «қолын былғағысы» келмейді. Оған «сыпайы», әрі ықпалды болу маңызды.

АЙТУҒА БОЛМАЙДЫ:

- ✗ Сен тікелей ренжітетіндерден де жамансың!
- ✗ Мұның бәрін сен ұйымдастырдың, бірақ өзінді періштедей көрсетіп жүрсің!



НЕ АЙТУ КЕРЕК:

- Сенің әсер ете алу қабілетің бар. Бұл — күшті қасиет. Бірақ оны қалай қолданатының маңызды.
- Егер біреу сенің итермелеуіңмен зардап шеккен болса — **сен де сол жағдайға қатыстысың.** Тек өзің байқамай қалған болуың мүмкін.

БҰЛ НЕНІ ӨЗГЕРТЕДІ:

Бала ойлана бастайды: оның сөздері де — әрекет. Ал сіз айыптайтың емес, өсуге көмектесетін ересек адамға айналасыз.

**КЕЙДЕ АЙҚАЙЛАҒАН АДАМНАН ГӨРІ
СЫБЫРЛАҒАН АДАМ ҚАУІПТІРЕК.**

ШАҒЫМПАЗ БОЛЫП КӨРІНУДЕН ҚОРҚУ

Жағдай:

Бала қатарластарының айыптауынан қорқып, ересектерге жағдайды айтпайды.

Себебі:

Тобынан шеттетіліп қалудан қорқады.

АЙТУҒА БОЛМАЙДЫ:

✗ Неге үндемейсін, қорқып тұрсың ба?



НЕ АЙТУ КЕРЕК:

- **Өзіңді және басқаларды қорғау** — ұят емес.
- Ересекке айту — бұл әлсіздік емес, **батылдық**.

БҰЛ НЕНІ ӨЗГЕРТЕДІ:

Бала сізді төреші емес, қорғаушы ретінде қабылдай бастайды.

КӨМЕК СҰРАУ — БҰЛ КҮШТІЛЕРДІҢ ТАҢДАУЫ.

ҚАТЫП ҚАЛҒАН ҰЯТ

Жағдай:

Жасөспірім буллинг оның кемшіліктерінен болатындығын ойлайды.

Себебі:

Қателесіп, кінәні өзіне қабылдайды.

АЙТУҒА БОЛМАЙДЫ:

✗ «Ал сен жауап беріп көр!»



НЕ АЙТУ КЕРЕК:

- Сені қорлайтындары - сен туралы емес, **олардың өздері туралы айтады.**
- **Сенде бәрі жақсы.** Басқалардың жаман мінез-құлқы өзіңе күмәндануға себеп емес.

БҰЛ НЕНІ ӨЗГЕРТЕДІ:

Сіздің беделіңіз оның өзін-өзі бағалауы үшін ресурс болады.

**ЖӘБІРЛЕНУШІ АГРЕССИЯҒА ЕШҚАШАН
КІНӘЛІ ЕМЕС.**

КУӘГЕР ӘСЕРІ

Жағдай:

Бала қудалауды көреді, бірақ араласпайды.

Себебі:

Ерекшеленуден немесе келесі болудан қорқады.

АЙТУҒА БОЛМАЙДЫ:

✗ Неге сен жай ғана қарап тұрсың?



НЕ АЙТУ КЕРЕК:

- Міндетті түрде араласудың қажеті жоқ, **жай ғана** ересек адамға айтуға болады.
- Ренжіген адамға тіпті **кішкентай қолдау да өте маңызды.**

БҰЛ НЕНІ ӨЗГЕРТЕДІ:

Сіз бала үшін батылдық пен жауапкершіліктің үлгісіне айналасыз.

БАҚЫЛАУШЫ ДА ЖАУАПТЫ.

ЕРЕКШЕЛЕНУДЕН ҚОРҚУ

Жағдай:

Ол басқалар сияқты болмаудан қорқады - тіпті оның дұрыс емес екенін түсінсе де.

Себебі:

Ол әлсіздің жағында болса, салдарына төтеп бере алатынына сенімді емес.

АЙТУҒА БОЛМАЙДЫ:

- ✗ Осындай мінезбен сені ешкім құрметтемейді!
- ✗ Нағыз мықтылар қорықпайды — сен әлсізсің бе?



НЕ АЙТУ КЕРЕК:

- Егер сен дұрыс әрекет жасасаң, **нағыз достарыңды жоғалтпайсың.**
- **Кейде «тоқта» деп айту** — өзіңді құрметтеу деген сөз.

БҮЛ НЕНІ ӨЗГЕРТЕДІ:

Сіз балаға күш пен әділеттіліктің үлгісін көрсетесіз.

**ДҰРЫС ӘРЕКЕТ ЕТУ — ӨЗІҢЕ ҚҰРМЕТПЕН
ҚАРАУ ДЕГЕН СӨЗ.**

ЭМПАТИЯНЫҢ ЖЕТІСПЕУШІЛІГІ

Жағдай:

Адам бетке жағымсыз сөздерді айтады, бірақ өзін шындықты ғана айттым деп есептейді.

Себебі:

Бәлкім, өзі де бұрын қаталдықты жиі көрген немесе мұндай сөздерді беделді ересектерден естіп өскен — сондықтан мұны қалыпты нәрсе деп ойлайды.

НЕ АЙТПАУ КЕРЕК:

- ✗ Жөні түзу адамдар олай істемейді!
- ✗ Басқа адамдар өзін қалай сезінетіндігін ешқашан ойлаған жоқсын ба?



НЕ АЙТУ КЕРЕК:

- **Қалай ойлайсың**, екінші адам не сезінді?
- **Сен де осындай сезімдерді** бастан кешіре аласың.

БҰЛ НЕНІ ӨЗГЕРТЕДІ:

Сіздердің қарым-қатынастарыңыз сенімдірек болады — бала сізді кінәлайтын емес, оны түсіне білетін адам ретінде көреді.

**ЭМПАТИЯ — СЕЗІМГЕ ІЛТИПАТ
БАР ЖЕРДЕ ҚАЛЫПТАСАДЫ.**

ЖОҚҚА ШЫҒАРУ ЖӘНЕ БАҒАЛАМАУ

Жағдай:

Жасөспірім: «Мен ештеңе істеген жоқпын» — дейді, ал сіз оның біреуді ренжіткенін нақты білесіз

Себебі:

Бағаламаудың артында жазаланудан немесе қабылданбаудан қорқу тұрады.

Кейде ол шын мәнінде басқа адамның сезімін қаншалықты зақымдағанын түсінбейді.

НЕ АЙТПАУ КЕРЕК:

- ✗ Өтірік айтуды доғар!
- ✗ Сен бұны әдейі жасадың!
- ✗ Қалайша осындай қатыгез бола аласың?



НЕ АЙТУ КЕРЕК:

- **Қазір осы мәселені** саған мойындау қиын шығар. Қалаған кезде мен қасыңдамын.
- **Жоққа шығару** ішкі сезіміңді өзгертпейді.

БҰЛ НЕНІ ӨЗГЕРТЕДІ:

Сіз оған қателігін мойындауға көмектесесіз және өз беделіңізді әділ әрі қауіпсіз етіп көрсетесіз.

**ЖОҚҚА ШЫҒАРУ — БҰЛ АЙЫПТАУДАН ҚОРҚУ
КЕЗІНДЕ ПАЙДА БОЛАТЫН ҚОРҒАНЫС
РЕАКЦИЯСЫ.**

ОҚШАУЛАНУ ОЛ ҚОРҒАНЫС

Жағдай:

Алаңдаушылығын «мен жалғыз болуды жақсы көремін» деп жасырады.

Себебі:

Ол бұрын қарым-қатынастарда қиындықтарды сезінген, сондықтан қазір қайтадан қателесуден қорқады.

НЕ АЙТПАУ КЕРЕК:

- ✗ Осындай мінез-құлығымен сенімен ешқашан дос болмайды!
- ✗ Ендеше, жалғыз отыр, егер өзің таңдаған болсаң!



НЕ АЙТУ КЕРЕК:

- Егер сен жалғыз болуды таңдасаң — бұл қалыпты жағдай. Бірақ егер сен жалғыздықты сезінсең — бұл ауыр. Мен қасыңдамын.
- Сен өз шекараларыңды қорғауға құқығың бар, бірақ толық оқшалану — бұл шешім емес.

БҰЛ НЕНІ ӨЗГЕРТЕДІ:

Сіз бала үшін қиындықтарды жеңуде сенімді серіктес боласыз.

**ОҚШАУЛАНУ ҚИЫНДЫҚТАН ҚҰТҚАРМАЙДЫ,
КЕРІСІНШЕ ОНЫ КҮШЕЙТЕДІ.**

БЕЙТАРАПТЫҚ ТРАВМАСЫ

Жағдай:

Ол: «Барлығы көрді, бірақ бәрі үндемеді. Оларға бәрібір болды» дейді.

Себебі:

Өзін жалғыз әрі қажетсіз сезінеді. Ол келесі жолы біреу оның жағында болады деп сенбейді.

НЕ АЙТПАУ КЕРЕК:

- ✗ Сен қудалауды көргенде, біреуге көмектестің бе?
- ✗ Сен, бәлкім, мұның себебі өзің болған шығарсың.



НЕ АЙТУ КЕРЕК:

- Саған ауыр болды, және сен қателескен жоқсың.
Мен саған сенемін.
- **Ешкім сені қорғамағаны,** сенде бір нәрсе дұрыс емес дегенді білдірмейді.

БҰЛ НЕНІ ӨЗГЕРТЕДІ:

Сіздің беделіңіз, бала үшін оның құндылығын және қорғаныс сезімін растайтын болады.

**ЕҢ ҮЛКЕН ЖАРАҚАТ — БҰЛ БАСҚАЛАРДЫҢ
ҮНСІЗ НЕМҚҰРАЙЛЫҒЫ.**

АТА-АНА ҚҰТҚАРУШЫ РЕТІНДЕ

Жағдай:

Ата-ана баланың орнына мәселені шешуге араласқысы келеді.

Себебі:

Бала қауіпсіздігі үшін қорқыныш және көмектескісі келуі.

НЕ АЙТПАУ КЕРЕК:

✗ Мен не істеу керектігін жақсырақ білемін!



НЕ АЙТУ КЕРЕК:

- **Саған қалай ыңғайлы болады:** мен араласайын ба, әлде егер мен саған өзіңе көмектесуге тырысайын ба?
- Сен жалғыз емессің, **саған тыныш болуы үшін мен жаныңда боламын.**

БҰЛ НЕНІ ӨЗГЕРТЕДІ:

Сіз балаңыздың жеке шекараларын құрметтейтіндігіңізді көрсетіп, өз беделіңізді нығайтасыз.

**КЕЙДЕ ЕҢ ЖАҚСЫ КӨМЕК – БҰЛ БАҚЫЛАУ
ЕМЕС, СЕНІМ.**

КУӘГЕРДІҢ ІШКІ ШИЕЛЕНІСІ

Жағдай:

«Маған бұны көру жағымсыз болды... бірақ мен не істеу керектігін білмедім», - деп айтады.

Оқиғадан кейін ұзақ үнсіз қалады, көңіл-күйі түсіп, өзін кінәлі сезінеді.

Себебі:

Ол немқұрайлы емес, бірақ қорқыныш пен күмәнге ұшыраған.

НЕ АЙТУҒА БОЛМАЙДЫ:

- ✗ Не қорықтың ба? Міне, енді өзің де түсіндің!
- ✗ Осылай әрекет еткенше, сенің сол жерге бармағаның жақсы еді!



НЕНІ АЙТУ КЕРЕК:

- Сенің реакцияң — **сенде жүрек бар екенін көрсетеді**. Ал батылдық — уақыт өте келеді.
- Егер сен ол баланың орнында болсаң — **саған біреу күлмейтіні маңызды болар еді**. Міне, сенде аздап болса да көмектестің.

БҰЛ НЕНІ ӨЗГЕРТЕДІ:

Баланың көзінде оның сезімдерін құрметтегеніңіз үшін, беделіңіз артады.

**ҚҰТҚАРУДЫҢ ҚАЖЕТІ ЖОҚ. НЕМҚҰРАЙЛЫ
БОЛМАУ ЖЕТКІЛІКТІ.**

КИБЕРБУЛЛИНГ

Жағдай:

Сыныптасы туралы мемдерге күледі, көңілді бейнероликтер жібереді, бірақ мұны қорлау деп есептемейді.

Себебі:

Онлайнда шекаралар жойылады — бәрін жасауға болатын сияқты, және бұл ісің үшін ештеңе болмайды.

НЕ АЙТПАУ КЕРЕК:

✗ Бұл тек интернет желісі, бұны көңіліңе алма!



НЕ АЙТУ КЕРЕК:

- **Онлайн сөздер, шынайы өмірдегідей жаралайды.**
- Агрессияны таратып, жалғастырмай, **қорлауды әрқашан тоқтатуға болады.**

БҰЛ НЕНІ ӨЗГЕРТЕДІ:

Сіз қазіргі жасөспірімнің жағдайын түсінетін ата-ана боласыз.

ОНЛАЙН СӨЗДЕР МӘҢГІ ҚАЛАДЫ.


Сіз мұны оқып отырғаныңыздың өзі — үлкен қадам.

Сіз «бәрі жақсы» ғой деп, бетіңізді бұрмадыңыз.
Сіз тоқтап, ойландыңыз.

Бұл сіздің үлесіңіз.

Тек баланың мінез-құлқындағы мәселе емес.

**Оның ішкі әлемінде. Оның адамдардың
ортасында адам бола білуінде.**





Ulesim
мой вклад



Оның болашағында — онда ол агрессиясыз күшті болуды, ауыртпалықты үнсіз емес, ашық еңсеруді және жақсылықты қорыққаннан емес, түсінгендіктен таңдауды үйренеді.

Ешкім бұл өзгерістің неден басталатынын білмейді. Мүмкін, бір сөйлемнен. «Мен жаныңдамын» сөзінен.

Мұқият, айыптаусыз бір көзқарастан.

Бұл сізден бастау алса яғни сіз біреудің өмірін өзгерттіңіз деген сөз.

Мүмкін тек біреудің ғана емес шығар.



САНАЛЫ АТА-АНА ҚҰРАЛЫ

Материалды **«CODO» ЖШС еншілес компаниясы «ULESIM» жобасының командасы** мектептерде буллингтің алдын алу, буллингке қарсы бағдарламаларды енгізу және ата-аналарды жүйелі қолдау жөніндегі жоба аясында дайындады.

Біз бұл чек-парақты ата-аналарға арнап, жылы әрі түсінікті әңгіме ретінде дайындадық.

Бұл бақылау үшін емес, баланы қолдау үшін қажет. Бұл оның бірдеңені дұрыс істемей жатқаны туралы емес. Қиын жағдайда тұйықталмауы, **үндемей қалмауы және көмек сұрай алуы үшін не көмектесетінін білу туралы**

ulesim.kz

Жазылу



Біздің жобамыздың парақшасына жазылыңыздар, онда ата-аналар үшін пайдалы әрі танымды ақпарат өте көп.



"Codo" ЖШС – білім және психология саласы мамандарына қолайлы цифрлық жүйелер әзірлейтін қазақстандық компания.

Біз адамның қамқорлығын технологияның тиімділігімен біріктіреміз, жұмыс процестерін жеңілдетеміз және автоматтандырамыз.

Біздің өнімдер ең бастысы – адамдарға көбірек уақыт бөліп, мұғалімдерге, психологтарға және **басшыларға саналы және сапалы жұмыс істеуге көмектеседі.**

БАСҚА ЖОБАЛАР

HR+ППМАЖ

ППМАЖ — бұл мектептерге балалардың тек оқу жетістіктерін ғана емес, олардың өзін қалай сезінетінін де көруге көмектесетін жүйе. Қазірдің өзінде 970 000-нан астам оқушы

1 787 мектепте диагностикадан өтті, ал 2 672 психолог балаға дер кезінде қолдау көрсету үшін деректерді пайдаланып жатыр.

ППМАЖ — әр бала көрініп, естілетіндей болу үшін.

aspptm_kz

Жазылу



MyCollege

MyColledge — бұл әр бала өз өмірлік ісіне айналатын мамандықты таңдай алатын платформа болып табылады.

300 000-нан астам оқушы кәсіби бағдарлаудан өтті.
2021–2023 жылдары

35 000-нан астам оқушы грант негізінде колледждерге оқуға түсті.

Болашақты саналы таңдау осы жерден басталады — кездейсоқтықтан емес, жүрек қалауымен.